

Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу қағидаларын және Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 23 маусымдағы № 56 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына және 84-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесіне мониторинг жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Стратегиялық
жоспарлау және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2025 жылғы 23 маусымдағы
№ 56 Бұйрыққа
1-қосымша

Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына және 84-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" 16-бабының 3-тармағына 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ауылдық елді мекендер – қалалық елді мекендерге, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларға жатпайтын, олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан елді мекендер;

2) елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар – Қазақстан Республикасының қалалық және ауылдық елді мекендерінің, халқының өмір сүру сапасын сипаттайтын объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету жөніндегі өлшемшарттар мен талаптардың (ең төменгі шарттардың) жиынтығы;

3) инженерлік инфрақұрылым – адамдардың өміріне қажетті жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасайтын, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің немесе айналымының тұрақты жұмыс істеуі үшін кәсіпорындардың (ұйымдардың), объектілердің (ғимараттар мен құрылыстардың), коммуникациялар мен инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету желілерінің жиынтығы;

4) қалалық елді мекендер – республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер;

5) көлік инфрақұрылымының нысандары – теміржол, трамвай, жеңіл рельсті көлік, монорельс және ішкі су жолдары, автомобиль жолдары, тоннельдер, эстакадалар, көпірлер, вокзалдар мен станциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, метрополитен желілері, порттар, порттық құралдар, кеме қатынасына арналған гидротехникалық құрылыстар (шлюздер), аэродромдар, әуежайлар, көлік-логистика орталықтары, байланыс, навигация және көлік қозғалысын басқару жүйелері объектілері, магистральдық құбыр желісі, сондай-ақ көлік кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ғимараттар, құрылыстар, құрылғылар мен жабдықтар кіретін технологиялық кешен;

6) өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті орган – өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – уәкілетті орган).

3. Өңірлік стандарттар жүйесінің (бұдан әрі – ӨСЖ) объектілерімен және қызметтерімен (игіліктерімен) қамтамасыз ету деңгейін есептеуді әрбір қалалық және ауылдық елді мекен бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2 тарау. Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу тәртібі

4. Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу тәртібі қамтамасыз етуді есептеу тәртібі үш кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезеңде автоматтандырылған жүйе арқылы жергілікті атқарушы органдар (төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге дейін) елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін, оның ішінде ауылдарды, ауылдық округтер орталықтарын, аудан орталықтарын, аудандық маңызы бар қалаларды, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларды объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету бойынша деректерді кезең-кезеңмен жинауды жүзеге асырады.

Елорданың, республикалық маңызы бар қалалардың, облыстардың жергілікті атқарушы органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей, салалық орталық мемлекеттік органдарға елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету жөніндегі және Бағыттар мен көрсеткіштер жіктелуіне сәйкес бағыттар бөлінісінде объектілерді салу, жөндеу және жинақтау қажеттіліктері жөніндегі деректерді жібереді.

Елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін объектілермен және қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету, сондай-ақ нысандар құрылысына, жөндеуге және жабдықтауға деген қажеттілік туралы ақпарат Аумақтық стандарттар жүйесінің объектілермен және қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуін есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштер бойынша ақпарат жинауға арналған нысандардың (бұдан әрі – Нысандар) негізінде қалыптастырылады және осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

ӨСЖ объектілерімен және қызметтерімен (игіліктерімен) қамтамасыз етуді есептеу кезінде қолданылатын Бағыттар мен көрсеткіштер тізбесі (бұдан әрі - Бағыттар мен көрсеткіштер тізбесі) осы Қағидаларға 13-қосымшада берілген.

Салалық орталық мемлекеттік органдар 10 (он) жұмыс күні ішінде келісуді жүзеге асырады және қажет болған жағдайда ұсынылған деректерді пысықтауға жібереді.

Астана, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың жергілікті атқарушы органдары салалық орталық мемлекеттік органдармен келісілген деректерді уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей автоматтандырылған жүйе арқылы осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес ұсынады.

2) екінші кезеңде деректерді өңдеу және талдау жүргізіледі: уәкілетті орган 1 наурыздан кешіктірмей ұсынылған ақпаратты қарап, біріктіріп және елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін, оның ішінде ауылдарды, ауылдық округтер орталықтарын, аудандық орталықтарды, аудандық маңызы бар қалаларды, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларды, сондай-ақ бағыттар бойынша ӨСЖ объектілерімен және қызметтерімен (игіліктерімен) қамтамасыз етілуіне қатысты

агрегатталған нысандарды қалыптастырады. Деректерді өңдеу және талдау барысында орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі деректермен (Ұлттық білім беру дерекқоры, мемлекеттік мүлік және т.б.) салыстыру жүргізілуі тиіс.

3) үшінші кезеңде уәкілетті орган елді мекендердің түріне (қаласына, ауылына) және мөлшеріне (халық санына) байланысты жылдар бойынша динамикада ӨСЖ-ге сәйкес елді мекендердің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуіне салыстырмалы мониторинг жүргізеді.

3-тарау. Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етуді есептеу

5. Елді мекендердің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуін есептеу кезінде әрбір елді мекеннің сандық және сапалық көрсеткіштері ескеріледі. Көрсеткіштің түріне байланысты есептеу келесі формулалар бойынша жүргізіледі:

1) әлеуметтік объектілер;

Әлеуметтік объектілер (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт) бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі 1-формула бойынша есептеледі:

1-формула

$$SO_{\text{өсж}} = \frac{\left(\frac{J-K*15\%-M*90\%+J-O*10\%}{J+N} + \frac{J-O*10\%}{J} \right) + (1-R/100)}{3} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

$SO_{\text{өсж}}$ – ӨСЖ әлеуметтік объектілермен қамтамасыз етілуі;

J – мемлекеттік объектілердің жалпы саны;

K – күрделі жөндеуді талап ететін мемлекеттік объектілердің саны;

M – апатты жағдайдағы мемлекеттік объектілердің саны;

N – жаңа мемлекеттік объектілерді салу қажеттілігі;

O – материалдық-техникалық базаны жинақтауды талап ететін мемлекеттік объектілердің саны;

R – кадр тапшылығы.

қашық орналасқан ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін ұйымдарға тегін тасымалдау және үйлеріне кері жеткізу бойынша:

егер қашық орналасқан ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін ұйымдарға және үйлеріне тегін тасымалдау қарастырылған болса, онда бұл қызметпен қамтамасыз етілу көрсеткіші 100% деп қабылданады. Егер мұндай тасымалдау қызметі болмаса, қамтамасыз етілу көрсеткіші 0% деп қабылданады.

Әлеуметтік инфрақұрылым бойынша орташа мән осы бағыт бойынша елді мекендердің ӨСЖ қамтамасыз етілуін айқындайды, 2-формула бойынша есептеледі:

2-формула

$$SOC_{\text{өсж}} = \frac{\sum_i SO_i}{\sum_i KS_i}, \text{ мұнда:}$$

$SOC_{\text{өсж}}$ – әлеуметтік инфрақұрылым нысандарымен қамтамасыз етілуі;

SO_i – әлеуметтік қызметтердың i нысаны бойынша өсж қамтамасыз етілу мәні;

KS_i – i -ші көрсетілетін қызмет түрінің әлеуметтік объекті саны;

i – әлеуметтік объектілер көрсеткішінің индексі осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген:

білім беру (кодтар 01.01-01.05);

денсаулық сақтау (кодтар 02.01-02.03);

әлеуметтік қамсыздандыру (кодтар 03.01);

мәдениет және спорт (кодтар 04.01-04.10).

Ескертпе: Орташа қамтамасыз етілу көрсеткішін есептеу кезінде, қамтамасыз етілу деңгейі 0-ге тең болатын, бірақ тиісті инфрақұрылым нысандарына қажеттілігі бар елді мекендердегі объектілер мен қызметтер (игіліктер) де ескеріледі. Бұл объектілер тапшылығын есепке алуға және объектілермен және қызметтермен (игіліктермен) нақты қамтамасыз етілу деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

"Білім беру" бағыты бойынша, егер елді мекенде білім беру объектілері жоқ және оларды ашуға қажеттілік жоқ болса, бірақ "Қашық орналасқан ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін ұйымдарға және үйлеріне тегін тасымалдау" қызметі көрсетілсе, онда қамтамасыз етілу көрсеткіші "100%" деп қабылданады.

"Білім беру" бағыты бойынша орташа қамтамасыз етілу деңгейін есептеу кезінде "Қашық орналасқан ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін ұйымдарға және үйлеріне тегін тасымалдау" қызметі болған жағдайда, қамтамасыз етілу көрсеткіші "0" болғанымен, инфрақұрылым нысанына қажеттілігі бар елді мекендердегі объектілер мен қызметтер (игіліктер) де ескеріледі.

2) бос уақыт және демалыс объектілері;

Бос уақыт және демалыс объектілері бойынша өсж қамтамасыз етілуі келесі формула бойынша айқындалады:

Зоологиялық саябақтар мен ботаникалық бақтар:

Зоологиялық саябақтар және ботаникалық бақтар өсж есептеу – $Z_{\text{өсж}}$ 3-формула бойынша жүргізіледі:

3-формула

$$Z_{\text{өсж}} = \frac{\left(\frac{J - K \cdot 15\% - M \cdot 90\%}{J + N} + \frac{J - O \cdot 10\%}{J} \right) + (1 - R/100)}{3} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

Зөсж – ӨСЖ зоологиялық парктермен және ботаникалық бақтармен қамтамасыз етілуі;

J – объектілердің жалпы саны;

K – реконструкцияны талап ететін саны;

M – апаттық жағдайдағы объектілер саны;

N – жаңа нысандарды салу қажеттілігі;

O – материалдық-техникалық базаны жинақтауды талап ететін объектілер саны;

R – кадр тапшылығы.

Ойын-сауық және демалыс саябақтары/ скверлер/бульварлар/тұрғындардың демалуына арналған бақтар:

Ойын-сауық және демалыс саябақтары/скверлер/бульварлар/ тұрғындардың демалуына арналған бақтар (FZ) бойынша ӨСЖ есептеу 4-формулаға сәйкес жүргізіледі:

4-формула

$$FZ_{\text{ӨСЖ}} = \frac{J - K * 15\%}{J + N}, \text{ мұнда}$$

FZ_{ӨСЖ} – тұрғындардың демалуына арналған ойын-сауық және демалыс саябақтарымен/скверлермен/бульварлармен/бақшалармен ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

J – объектілердің жалпы саны;

K – күрделі жөндеуді қажет ететін объектілер саны;

N – жаңа нысандарды салу қажеттілігі;

Үй жануарларын серуендетуге және үйретуге арналған орындар:

егер елді мекенде үй жануарларын серуендетуге және үйретуге арналған алаңдар (C) болса, онда ӨСЖ қамтамасыз етілуі 100% мәнге ие болады. Болмаған жағдайда, ӨСЖ қамтамасыз етілудің 0% мәні қабылданады;

Бос уақыт және демалыс объектілері бойынша орташа мәні 5-формула бойынша есептеледі:

5-формула

$$D_{\text{өсж}} = \frac{Z_{\text{өсж}} + FZ + C}{3}, \text{ мұнда:}$$

D_{ӨСЖ} – бос уақыт және демалыс объектілері бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

Z_{ӨСЖ} – зоологиялық саябақтар мен ботаникалық бақтар объектілері бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

FZ – тұрғындардың демалуына арналған ойын-сауық және демалыс саябақтары/скверлер/бульварлар/бақтар объектілері бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

С – үй жануарларын серуендетуге және үйретуге арналған алаң объектілері бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі.

3) көлік инфрақұрылымы

Қоғамдық көлік 6-формула бойынша есептеледі:

6-формула

$$T_{\text{көл}} = \frac{\left(\frac{EA - EB \cdot 10\% - EC \cdot 30\% - ED \cdot 50\% - EE \cdot 80\%}{EA + EF} + \frac{EQ - EG \cdot 10\% - EH \cdot 30\% - EI \cdot 50\% - EJ \cdot 80\%}{EQ + ER} + \frac{EK - EL \cdot 10\% - EM \cdot 30\% - EN \cdot 50\% - EO \cdot 80\%}{EK + EP} + \frac{ES}{ES + ET} + \frac{EU}{EU + EV} \right)}{5} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

Ткөл – ӨСЖ қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілуі (06.01.02-коды осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген);

EA – автобустың жалпы саны;

EB1 – 3 жылға дейін;

EB – 3 жылдан астам, бірақ 7 жылдан артық емес;

EC – 7 жылдан астам, бірақ 10 жылдан артық емес;

ED – 10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан артық емес;

EE – 20 жылдан астам;

EF – автобустарға қажеттілік;

EQ – трамвайдың жалпы саны;

EG – 3 жылдан астам, бірақ 7 жылдан артық емес;

EH – 7 жылдан астам, бірақ 10 жылдан артық емес;

EI – 10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан артық емес;

EJ – 20 жылдан астам;

ER – трамвайларға қажеттілік;

EK – троллейбустың жалпы саны;

EL – 3 жылдан астам, бірақ 7 жылдан артық емес;

EM – 7 жылдан астам, бірақ 10 жылдан артық емес;

EN – 10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан артық емес;

EO – 20 жылдан астам;

EP – троллейбустарға қажеттілік;

ES – қоғамдық көлік бағытының саны;

ET – қоғамдық көлік бағытына қажеттілік;

EU – қоғамдық көліктің аялдама павильонының саны;

EV – қоғамдық көліктің аялдама павильонына қажеттілік.

n – қамтамасыз етілу деңгейін айқындау мақсатында есептік формулада пайдаланылатын нысандар түрлерінің саны.

Қоғамдық көліктің жол ақысын төлеудің электрондық жүйесін ұйымдастыру:

егер елді мекенде қоғамдық көлікте (Teso) жол жүру ақысын төлеудің электрондық жүйелері болса, онда ӨСЖ қамтамасыз етілудің 100% мәні қабылданады. Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйелері болмаған жағдайда, ӨСЖ (Teso) қамтамасыз етілудің 0% мәні қабылданады.

Мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтерін ұйымдастыру:

егер мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтері (Titax) ұсынылса және инватакси автомобильдеріне қажеттілік болмаса, онда ӨСЖ (Titax) қамтамасыз етілуі 100% мәнін қабылдайды;

егер мүгедектерге арналған инватакси қызметтері (Titax) ұсынылса, бірақ инватакси көліктеріне қажеттілік болса, онда ӨСЖ (Titax) қамтамасыз етілуі 75%-ға тең болады;

мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтері жоқ болса, ӨСЖ (Titax) қамтамасыз етілуі 0% мәнін қабылдайды.

Көлік қатынасы станциялары (әуежай, автовокзал, автостанция, теміржол вокзалы, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері):

егер:

қуат және техникалық жағдай (FA) бойынша мемлекеттік стандарттарға сәйкес көлік қатынастары станциясы болса және күрделі жөндеуге (FB) қажеттілік болмаса, онда көлік қатынастары станциясының ӨСЖ (Ткқс) жүйесімен қамтамасыз етілуі 100% мәнге ие болады;

қуаттылық және техникалық жағдай (FA) бойынша мемлекеттік стандарттарға сәйкес көлік қатынасы станциясы болса, бірақ күрделі жөндеу (FB) қажет болса, онда көлік қатынасы станциясының ӨСЖ (Ткқс) жүйесімен қамтамасыз етілуі 75% мәнге ие болады;

көлік қатынасы станциясы (FA) болмаса, онда көлік қатынасы станциясының ӨСЖ (Төсж) жүйесімен қамтамасыз етілуі 0% мәнге ие болады.

Көлік объектілеріне қызмет көрсету (тұрақ орындары, автомобильге жанармай құю станциясы, газ құю станциясы, техникалық қызмет көрсету станциясы және көлік жуу орындары):

егер елді мекенде көлікке қызмет көрсететін объектілер (тұрақ орындары, автомобильге жанармай құю станциясы, электромобильдерге арналған электр қуаттау станциялары, газ құю станциясы, техникалық қызмет көрсету станциясы және көлік жуу орындары) болған жағдайда (онда көлікке қызмет көрсететін объектімен ӨСЖ қамтамасыз етілуі 100% мәнін қабылдайды. Болмаған жағдайда, қызмет көрсететін көлік объектісімен (Тқо) ӨСЖ қамтамасыз етілудің 0% мәні қабылданады;

Көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу 7-формула бойынша есептеледі:

7-формула

$$T_{\text{өсж}} = \begin{cases} \frac{T_{\text{трс}} + T_{\text{есо}} + T_{\text{итак}} + T_{\text{стс}} + T_{\text{оо}}}{5} & \text{қалалар үшін} \\ \frac{T_{\text{трс}} + T_{\text{итак}} + T_{\text{стс}} + T_{\text{оо}}}{4} & \text{аудан орталықтары үшін} \\ \frac{T_{\text{трс}} + T_{\text{стс}} + T_{\text{оо}}}{3} & \text{АЕМ үшін} \end{cases}$$

$T_{\text{өсж}}$ – көлік инфрақұрылымы объектілерімен қамтамасыз етілу;

$T_{\text{көл}}$ – көлік құралымен ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

$T_{\text{есо}}$ – қоғамдық көліктің жол ақысын төлеудің электрондық жүйесін қамтамасыз ету;

$T_{\text{итак}}$ – мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтерімен қамтамасыз ету;

$T_{\text{стс}}$ – көлік қатынастары станциясының қамтамасыз етілуі (әуежай, автовокзал, автостанция, теміржол вокзалы және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері);

$T_{\text{ко}}$ – көліктің қызмет көрсету объектісімен (тұрақ кеңістігі, автомобильге жанармай құю станциясы, электромобильдерге арналған электр қуаттау станциясы, газ құю станциясы, техникалық қызмет көрсету станциясы және көлік жуу орындары) ӨСЖ қамтамасыз етілуі.

4) жол инфрақұрылымы;

Қалаішілік/кентішілік жолдармен қамтамасыз ету 8-формула бойынша есептеледі:

8-формула

$$D_{\text{өсж}} = \frac{\left(\frac{GE - (GN * 0.3)}{GE + GG} \right) + \left(\frac{GF - (GFB * 0.3)}{GF} \right)}{2} * 100\%,$$

мұнда:

$D_{\text{өсж}}$ – қалаішілік/кентішілік жолдармен қамтамасыз ету;

GE – жолдардың жалпы ұзындығы;

GF – қатты жабынды жолдардың ұзындығы;

GFB - қанағаттанарлықсыз жағдайдағы қатты жабыны бар жолдардың ұзындығы;

GN – қанағаттанарлықсыз күйдегі жолдардың жалпы ұзындығы;

GG – жол құрылысына деген қажеттілік.

Жолды жарықтандыру:

жол жарығымен қамтамасыз ету 9-формула бойынша есептеледі:

9-формула

$$GH_{\text{өсж}} = \frac{\left(\left(\frac{GL}{GL + DL_{\text{потр}}} \right) * 100\% \right) + DO}{2}, \text{ мұнда}$$

GHөсж – жол жарығымен қамтамасыз ету, %

GL – көше жарығы бар көшелердің нақты ұзындығы, км

DLқаж – көше жарығын салу қажеттілігі (яғни жарықтандыруды орнату қажет көшелердің ұзындығы), км

DO – көшелердің жалпы ұзындығынан жарықтандырылған көшелердің үлесі, %

Жол инфрақұрылымы 10-формула бойынша есептеледі:

10-формула

$$DI_{\text{өсж}} = \frac{1}{2} (D_{\text{өсж}} + GH)$$

DIөсж – жол инфрақұрылымымен ӨСЖ қамтамасыз ету;

Dөсж – қала/ауылышлік жолдармен қамтамасыз ету;

GHөсж – жолды жарықтандырумен ӨСЖ қамтамасыз ету;

5) инженерлік инфрақұрылым;

Орталықтандырылған электрмен жабдықтау:

Елді мекен ішіндегі орталықтандырылған электрмен жабдықтау 11-формула бойынша есептеледі;

11-формула

$$JA_{\text{өсж}} = \frac{OJA + \left(\left(\frac{PJA - 0,3 + RJA}{PJA + XJA} \right) * 100\% \right) + (100 - SJA)}{3}, \text{ мұнда:}$$

JAөсж – электрмен жабдықтау бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

OJA – электрмен жабдықтау бойынша қамтамасыз етілу (қосылған тұрғын үйлердің саны бойынша есептеу);

PJA – электрмен жабдықтау желілерінің ұзындығы;

SJA – электрмен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі;

RJA – ауыстыруды қажет ететін электрмен жабдықтау желілерінің ұзындығы;

XJA – жаңа электрмен жабдықтау желілерін салу қажеттілігі.

Сумен жабдықтау қызметтері 12-формула бойынша есептеледі:

егер елді мекенде орталықтандырылған, бір мезгілде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау болса, онда есептеу мынандай формула бойынша жүргізіледі:

12-формула

$$CV_{\text{өсж}} = \frac{OCV + \left(\left(\frac{KCV - 0,3 * RCV}{KCV + XCV} \right) * 100\% \right) + (100 - SCV) + ((100 - OCV) * 90\%)}{4},$$

мұнда:

CVөсж – ӨСЖ сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етілуі;

OCV – орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосылған тұрғын үйлердің үлесі;

PCV – тұрғын үйлердің жалпы саны;

KCV – орталықтандырылған сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы;

SCV – орталықтандырылған сумен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі;

RCV – ауыстыруды қажет ететін орталықтандырылған сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы;

XCV - жаңа сумен жабдықтау желілерін салу қажеттілігі.

Егер белгілі бір елді мекенде тек орталықтандырылған сумен жабдықтау болса, онда есептік формуладан орталықтандырылмаған қамтамасыз етуге қатысты соңғы көрсеткіш (орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосылмаған тұрғын үйлердің үлесі) алып тасталады.

Егер елді мекенде тек орталықтандырылмаған сумен жабдықтау болса, онда есептік формуладан орталықтандырылған қамтамасыз етуге қатысты көрсеткіштер алынып тасталады, және есеп келесі жеңілдетілген формула бойынша жүргізіледі: $(100 - OCV) \times 90\%$, мұндағы $OCV = 0$, егер орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосылу мүлде болмаса, онда қамтамасыз етілу деңгейі $= 90\%$ (қанағаттандырылмаған қажеттілікті көрсетеді).

Егер елді мекенде тек орталықтандырылмаған сумен жабдықтау болса, бірақ орталықтандырылған сумен жабдықтауға қажеттілік болса, онда қамтамасыз етілу деңгейін неғұрлым объективті бағалау мақсатында екі әлеуетті сумен жабдықтау түрінің (орталықтандырылған және орталықтандырылмаған) болуы ескеріледі. Бұл жағдайда сумен жабдықтау қызметтері бойынша түпкілікті мән екі құрамдас бөліктің – орталықтандырылмаған сумен нақты қамтамасыз етілуі және орталықтандырылғанмен нөлдік қамтамасыз етілуі (қажеттілік болған жағдайда) – арифметикалық орташа мәні ретінде есептеледі.

Су бұру жүйесі 13-формула бойынша есептеледі:

13-формула

$$CVO_{\text{ср}} = \frac{\left(OCVO + \left(\left(\frac{OPVO - 0,3 \cdot RVO}{OPVO + XVO}\right) + 100\%\right) + (100 - SIVO) + \left(\left(\frac{KKOS}{KKOS + PKOS}\right) + 100\%\right) + (100 - SIKOS)\right)}{5},$$

мұнда:

CVOөсж – су бұру жүйесі бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

OCVO – орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз ету (қосылған тұрғын үйлердің саны бойынша есеп);

OPVO – елді мекен ішіндегі су бұру желілерінің жалпы ұзындығы;

SIVO – су бұру желілерінің тозу дәрежесі;

RVO – ауыстыруды қажет ететін су бұру желілерінің ұзындығы;

XVO - жаңа су бұру желілерін салу қажеттілігі;

KKOS – кәріз-тазарту құрылыстарының саны;

SIKOS – кәріз-тазарту құрылыстарының тозу дәрежесі;

PKOS – кәріз-тазарту құрылыстарын салу қажеттілігі.

Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету (ОЖҚөж) 14-формула бойынша есептеледі:

14-формула

$$OCT_{\text{срс}} = \frac{OCG + (((OPG - 0,3 * RG) / (OPG + XPG)) * 100\%) + (100 - SIG)}{3}, \text{ мұнда:}$$

OCTөж – орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету;

OCG – орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету (халық саны бойынша есеп).

Деректерді жергілікті атқарушы органдар ұсынады;

OPG – елді мекен ішіндегі газбен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы;

SIG – жылумен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі;

RG – ауыстыруды қажет ететін жылу құбыры желілерінің ұзындығы;

XPG – елді мекен ішінде жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін салу қажеттілігі.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау қамтамасыз етілмеген жағдайда (халық саны бойынша есеп) (OCG) орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың (қосылған тұрғын үйлердің санын есептеу) ӨСЖ қамтамасыз етілуі 0% мәнін қабылдайды.

Орталықтандырылған газбен жабдықтау:

егер елді мекенде газбен жабдықтау желісі (OPG) болса, онда орталықтандырылған газбен жабдықтау ӨСЖ (CGөж) қамтамасыз етілуі 15-формула бойынша есептеледі:

15-формула

$$CG_{\text{өж}} = \frac{OCG + (((OPG - 0,3 * RG) / (OPG + XG)) * 100\%) + (100 - SIG)}{3}, \text{ мұнда:}$$

CGөж – газбен жабдықтау жүйесімен қамтамасыз ету;

OCG – орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету;

OPG – елді мекен ішіндегі газбен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы;

SIG – газбен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі;

RG – ауыстыруды қажет ететін газ құбыры желілерінің ұзындығы;

XG – жаңа газбен жабдықтау желілерін салу қажеттілігі.

Газбен жабдықтау (HG) болмаған жағдайда, орталықтандырылған газбен жабдықтаудың ӨСЖ қамтамасыз етілуі CG = %.

Тұрғын үй 16-формула бойынша есептеледі:

16-формула

$$J_{ии} = \frac{(\frac{HM-0.9*HR}{HM+HR}) + (\frac{JH}{OJ})}{2} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

$J_{ии}$ – тұрғын үй ӨСЖ;

HM – тұрғын үй қорының жалпы ауданы (мың ш.м.);

HR – жаңа тұрғын үй алаңын салу қажеттілігі (мың ш.м.);

HR – апатты және тозығы жеткен тұрғын үй ауданы (мың ш.м.);

JH – елді мекен шегіндегі бір адамға шаққандағы тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілуі;

OJ – ел бойынша талданып отырған жылға бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу.

Инженерлік инфрақұрылымның ӨСЖ 17-формула бойынша есептеледі:

17-формула

$$II_{өсж} = \frac{JA_{өсж} + CV_{өсж} + CVO_{өсж} + OCT_{өсж} + CG_{өсж} + J_{ии}}{6}, \text{ мұнда:}$$

$II_{өсж}$ – инженерлік инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз етілу;

$JA_{өсж}$ – электрмен жабдықтау бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілу;

$CV_{өсж}$ – орталықтандырылған сумен жабдықтау бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілу;

$CVO_{өсж}$ – су бұру жүйесі бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілу;

$OCT_{өсж}$ – орталықтандырылған жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етілу;

$CG_{өсж}$ – газбен жабдықтау жүйесімен қамтамасыз етілу;

$J_{ии}$ – тұрғын үй ӨСЖ;

б) қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету;

Учаскелік полиция пункті:

Полиция пунктінің ӨСЖ – $PL_{өсж}$ есептеу осы Қағидалардың 1- формуласына сәйкес жүргізіледі.

учаскелік пункт объектілері бар ауылдық округтің құрамына кіретін қалған ауылдық елді мекендер үшін қызметтермен қамтамасыз ету 100% мәні қабылданады. Кері жағдайда, қауіпсіздік 0% құрайды.

Әлеуметтік маңызы бар объектілерде бейнебақылауды енгізу арқылы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

егер елді мекенде әлеуметтік маңызы бар объектілерде бейнебақылау камералары бар болған жағдайда (PM) онда қызмет көрсететін көлік объектісімен ӨСЖ қамтамасыз етілудің 100% мәні қабылданады. Болмаған жағдайда, ӨСЖ қамтамасыз етілудің 0% мәні қабылданады;

Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің бар болуы 18-формула бойынша есептеледі:

18-формула

$$PS_{\text{өсж}} = \left(\frac{II}{IG+IH} * 100\% \right) + (100 - IJ * 90\%), \text{ мұнда:}$$

$PS_{\text{өсж}}$ – өртке қарсы қызметтің ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

IG – өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жалпы саны;

II – мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін өртке қарсы қызмет бөлімшесінің саны;

IH – өртке қарсы қызмет бөлімшелерін салу қажеттілігі;

IJ – апаттық жағдайда тұрған немесе күрделі жөндеуді қажет ететін объектілердің үлесі.

Өрт сөндіру посттарымен немесе ерікті өрт сөндіру құрылымдарымен қамтамасыз етілу ($PP_{\text{срс}}$) 19-формула бойынша есептеледі:

19-формула

$$PP_{\text{срс}} = \frac{\left(\frac{J-K*15\%}{J+N} + \frac{J-O*10\%}{J} \right)}{2} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

$PP_{\text{срс}}$ – өрт сөндіру посттарымен немесе ерікті өрт сөндіру құрылымдарымен ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

J – нысандардың жалпы саны;

K – күрделі жөндеуді талап ететін нысандар саны;

N – жаңа нысандар құрылысына қажеттілік;

O – материалды-техникалық базаны жинақтауды талап ететін нысандар саны.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату объектілері

Қатты тұрмыстық қалдықтарды көмуге арналған полигондар 20-формула бойынша есептеледі:

20-формула

$$TBO_{\text{өсж}} = \frac{IR}{IS+IT} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

$TBO_{\text{өсж}}$ – қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және жою бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

IS – қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыруға арналған полигонның жалпы саны;

IR – экологиялық және санитариялық талаптар мен нормаларға сәйкес келетін қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының саны;

IT – қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру үшін полигондарға қажеттілік.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және жинау 21-формула бойынша есептеледі:

21-формула

$$TBO_{P_{\text{өсж}}} = \frac{IU}{IU + IV} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

$TBO_{P_{\text{өсж}}}$ – қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және жинау ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

IU – объектінің жалпы саны;

IV – қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу объектілеріне қажеттілік.

Мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) 22-формула бойынша есептеледі:

22-формула

$$TSM_{\text{өсж}} = \frac{SM}{SM + XSM} * 100\%, \text{ бұнда:}$$

$TSM_{\text{өсж}}$ – мал қорымдары ӨСЖ қамтамасыз етілуі (биотермиялық шұңқырлар);

SM – объектілердің жалпы саны;

XSM – жаңа нысандарды салу қажеттілігі.

Қатты тұрмыстық қалдықтар мен учаскелік пункттерді жинау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және өрт қауіпсіздігі объектілері бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуінің орташа арифметикалық мәні қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуының қамтамасыз етілуін айқындайды және 23-формула бойынша есептеледі:

23-формула

$$SOS_{\text{өсж}} = \frac{\sum_j B_j}{\sum_j KB_j}, \text{ мұнда:}$$

$SOS_{\text{өсж}}$ – ӨСЖ қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау қызметтерімен қамтамасыз етілуі;

B_j – көрсетілетін қауіпсіздік қызметтерінің j -ші түрінің қамтамасыз етілу мәні;

KB_j – көрсетілетін қызметтің j -ші түрінің саны;

j – көрсетілетін қызметтер көрсеткішінің индексі (09.01-09.10 көрсеткіштер коды, осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген).

Ескертпе: Қамтамасыз етудің орташа мәнін есептеу кезінде белгілі бір елді мекеннің қамтамасыз етілуі "0"-ге тең, бірақ, бұл ретте, тиісті инфрақұрылым объектісіне қажеттілік бар объектілер мен көрсетілетін қызметтер (игіліктер) де

ескеріледі, бұл есептеулерде объектілердің тапшылығын ескеруге және объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етудің нақты деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

7) ақпараттық коммуникация;

Пошта байланысы бөлімшелерінің қызметтерімен ӨСЖ қамтамасыз етілуін есептеу 24-формула бойынша есептеледі:

24-формула

$$PCN_{\text{өсж}} = \frac{1}{2} * \left(\frac{JJ}{JJ+JK} + JL \right) * 100\%, \text{ мұнда:}$$

PCNөсж – ӨСЖ пошта байланысымен қамтылу деңгейі;

JJ – пошта байланысы бөлімшесінің саны;

JK – пошта байланысы бөлімшелеріне қажеттілік;

JL – халықты пошта қызметтерімен қамту.

Теле және ақпараттық коммуникацияның бар болуы:

теле және ақпараттық коммуникация объектісі болған жағдайда, онда ақпараттық коммуникацияның (тіркелген телефон желілері, ұялы байланыс (дауыс беру), ашық қол жетімді Wi-Fi аймағының) ӨСЖ қамтамасыз етілу мәні $IK_{\text{өсж}} = 100\%$ болады. Болмаған жағдайда, ӨСЖ қамтамасыз етілуі 0% мәнін қабылдайды.

Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз етудің тұрғындарды Интернет желісімен қамту көрсеткішіне тең мәні бар.

Орташа арифметикалық мән ақпараттық коммуникация объектілерімен және қызметтерімен ӨСЖ қамтамасыз етілуін айқындайды және 25-формула бойынша есептеледі:

25-формула

$$INF_{\text{өсж}} = \frac{\sum_k TV_k}{\sum_k PB_k}, \text{ мұнда:}$$

INFөсж – ӨСЖ көрсетілетін ақпараттық коммуникация қызметтерімен қамтамасыз етілуі;

TV_k – көрсетілетін ақпараттық коммуникация қызметтерінің k-ші түрінің қамтамасыз етілу мәні;

PB_k – көрсетілетін қызметтің k-ші түрінің саны;

k – көрсетілетін қызметтер көрсеткішінің индексі (10.01-10.05 көрсеткіштер коды, осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген).

8) тұрмыстық және ветеринарлық қызмет көрсету ақпараттық құрылымы:

Тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінің (кір жуу, химиялық тазалау, қоғамдық моншалар мен қоғамдық дәретханалар), сауда объектілерінің (дүкендер, сауда павильондары), жергілікті жердің түріне қарай мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың немесе ветеринариялық пункттердің болуы:

егер тұрмыстық қызмет көрсету объектілері (кір жуу, химиялық тазалау, қоғамдық моншалар және қоғамдық дәретханалар) (JV) болған жағдайда, онда тұрмыстық қызмет көрсету объектілерімен қамтамасыз ету JVөсж 100%-ға тең болады, кері жағдайда 0%.

егер сауда объектілері (дүкендер, сауда павильондары) (JX) бар болса, онда JXөсж тұрмыстық қызмет көрсету объектілерімен қамтамасыз етілуі 100%, кері жағдайда 0%-ға тең мәнге ие болады.

Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар немесе ветеринариялық пункттер:

Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың (GVOөсж), ветеринариялық пункттердің (VPөсж) ӨСЖ есептеу 26-формула бойынша жүргізіледі:

26-формула

$$GVO_{\text{өсж}}, VP_{\text{өсж}} = \frac{\left(\frac{J-K*15\%-M*90\%+J-O*10\%}{J+N} + \frac{J-O*10\%}{J} + (1-R/100) \right)}{3} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

GVOөсж – мемлекеттік ветеринариялық объектілермен ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

J – мемлекеттік объектілердің жалпы саны;

K – күрделі жөндеуді талап ететін мемлекеттік объектілердің саны;

M – апатты жағдайдағы мемлекеттік объектілердің саны;

N – жаңа мемлекеттік объектілерді салу қажеттілігі;

O – материалдық-техникалық базамен жинақтауды талап ететін мемлекеттік объектілердің саны;

R – кадр тапшылығы.

Орташа арифметикалық мән тұрмыстық және ветеринарлық қызмет көрсету инфрақұрылымының қамтамасыз етілуін анықтайды және 27-формула бойынша есептеледі:

27-формула

$$BO_{\text{өсж}} = \frac{JV_{\text{өсж}} + JX_{\text{өсж}} + GVO_{\text{өсж}}}{3}, \text{ мұнда:}$$

BOөсж - ӨСЖ тұрмыстық қызмет көрсету инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу;

JVөсж - тұрмыстық қызмет көрсету объектілерімен қамтамасыз етудің мәні;

JXөсж - сауда объектілерімен қамтамасыз етудің мәні;

GVOөсж – ӨСЖ мемлекеттік ветеринариялық объектілермен қамтамасыз етілу;

9) көрсетілетін қызметтер инфрақұрылымы:

егер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалдары, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары, заң консультациялары және нотариус бар болса (немесе мамандарға барса), онда объектімен қамтамасыз ету 100%-ға, кері жағдайда 0%-ға тең мәнге ие болады.

банк бөлімшелері мен банкоматтар:

банк бөлімшесі мен банкомат болған жағдайда, объектімен/қызметтермен қамтамасыз ету 100%-ға тең мән алады, кері жағдайда 0%.

объектілердің біреуі ғана немесе банк бөлімшесі немесе банкомат болған жағдайда, объектімен/қызметтермен қамтамасыз ету 50%-ға тең мәнді қабылдайды.

Орташа арифметикалық мән көрсетілетін қызметтер инфрақұрылымының қамтамасыз етілуін анықтайды және 28-формула бойынша есептеледі:

28-формула

$$USL_{\text{өсж}} = \frac{\sum l S_l}{\sum l P_l}, \text{ мұнда:}$$

$USL_{\text{өсж}}$ – ӨСЖ көрсетілетін қызметтер инфрақұрылымының қамтамасыз етілуі;

S_l – инфрақұрылым қызметтерінің l -ші түрінің қамтамасыз етілу мәні;

P_l – көрсетілетін қызметтің l -ші түрінің саны;

l – көрсетілетін қызметтер көрсеткішінің индексі (12.01-12.04 көрсеткіштер кодтары осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген).

Белгілі бір елді мекеннің объектілерімен және көрсетілетін қызметтерімен (игіліктерімен) қамтамасыз етудің жалпы деңгейі барлық 12 бағыт бойынша қамтамасыз етілу деңгейлерінің орташа мәні ретінде есептеледі және 29-формула бойынша есептеледі:

29-формула

$$SRS_{\text{өсж}} = \frac{\sum m R S_m}{\sum m K R S_m}, \text{ мұнда:}$$

$SRS_{\text{өсж}}$ – елді мекеннің ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

$R S_m$ – m -ші бағыттың қамтамасыз етілуінің мәні;

$K R S_m$ – m -ші бағыттың саны;

m – бағыт көрсеткішінің индексі (осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес, индекс мәні 1-ден 12-ге дейін өзгереді).

6. Елді мекеннің орташа қамтамасыз етілу көрсеткішін есептеу кезінде осы елді мекендегі қамтамасыз етілу көрсеткіші "0" болып табылатын, бірақ инфрақұрылым нысанын салуға қажеттілік бар объектілер мен қызметтер (игіліктер) де ескеріледі. Бұл объектілер тапшылығын есепке алуға және объектілермен және қызметтермен (

игіліктермен) қамтамасыз етілу деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді. Ал қамтамасыз етілу көрсеткіші "0" болып, бірақ нысан салуға қажеттілік жоқ объектілер мен қызметтер (игіліктер) есепке алынбайды.

7. Белгілі бір бағыт бойынша объектілермен және қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілу деңгейін есептеу кезінде, бағыттар мен көрсеткіштер тізбесіне сәйкес, облыс, аудан немесе ауылдық округ бөлінісінде қамтамасыз етілу деңгейінің орташа мәні пайдаланылады. Белгілі бір бағыт бойынша орташа қамтамасыз етілу мәні – қарастырылып отырған аумаққа (облыс, аудан, ауылдық округ) кіретін барлық елді мекендердің қамтамасыз етілу көрсеткіштерінің қосындысын сол елді мекендердің санына бөлу арқылы анықталады.

Бұл ретте, қамтамасыз етілу деңгейі "0" болғанымен, тиісті объектілерге немесе қызметтерге расталған қажеттілік бар елді мекендер есепке міндетті түрде қосылады. Ал белгілі бір бағыт бойынша қамтамасыз етілу деңгейі "0" болып, қажеттілік жоқ елді мекендер есепке алынбайды.

4-тарау. Өңірлік стандарттар жүйесінің қамтамасыз етілу болжамын есептеу

8. ӨСЖ бойынша нысандармен және қызметтермен қамтамасыз етілу болжамын есептеуді жергілікті атқарушы орган тиісті сала бойынша есептелген қажеттілік негізінде жүзеге асырады.

Тиісті сала бойынша нысандарға қажеттілік минималды нормативтерді қолдана отырып есептеледі.

9. Қамтамасыз етудің болжамды деңгейі қажеттілікті жабу бойынша бюджетке сәйкес жоспарланған жұмыстарға (жаңа объектілерді іске қосу, жөндеу жұмыстары, материалдық-техникалық базаны нығайту және т.б.) байланысты мәндерді өзгерту жолымен әрбір бағыттың формулалары бойынша есептеледі.

Көрсеткіштің түріне байланысты өңірлік стандарттар жүйесінің қамтамасыз етілу болжамын есептеу мынадай формулалар бойынша жүргізіледі.

1) әлеуметтік объектілер;

Әлеуметтік объектілер (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт) бойынша қамтамасыз ету болжамы 30-формула бойынша есептеледі:

30-формула

$$SO_{\text{бол өсж}} = \frac{\left(\frac{J + J_{\text{жос}} - K_{\text{бол}} * 15\% - M_{\text{бол}} * 90\%}{J + J_{\text{бол}} + N_{\text{қал}}} + \frac{J + J_{\text{жос}} - O_{\text{бол}} * 10\%}{J + J_{\text{бол}}} + (1 - R_{\text{бол}} / 100) \right)}{3} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

SO_{бол өсж} - ӨСЖ әлеуметтік объектілермен қамтамасыз етілуінің болжамы;

J - ағымдағы кезеңге жұмыс істеп тұрған мемлекеттік мектептердің саны;

Жос - болжамды кезеңде салуға және іске қосуға жоспарланған жаңа мемлекеттік объектілердің саны;

Кбол - болжамды кезеңде күрделі жөндеуді қажет ететін объектілер саны;

Мбол - авариялық жағдайдағы объектілердің болжамды саны;

Нқал - болжалды жылға объектілер салудың өтелмеген қажеттілігі;

Обол - болжамды кезеңде МТБ-ны жинақтауды талап ететін объектілердің саны;

Рбол - болжамды кезеңдегі кадр тапшылығы.

Әлеуметтік инфрақұрылым бойынша болжамның орташа мәні осы бағыт бойынша ӨСЖ елді мекендерінің болжамын қамтамасыз етілуін айқындайды және 31-формула бойынша есептеледі:

31-формула

$$SOC_{\text{бол өсж}} = \frac{\sum_i SO_i}{\sum_i KS_i}, \text{ мұнда:}$$

$SOC_{\text{бол өсж}}$ – әлеуметтік инфрақұрылым бойынша ӨСЖ болжамды қамтамасыз етілуі;

$SO_{\text{бол } i}$ – i -ші әлеуметтік қызметтер объектісінің ӨСЖ қамтамасыз етілуінің болжамды мәні;

KS_i – i -ші қызмет түріндегі әлеуметтік объектілер саны;

i – әлеуметтік объектілер көрсеткішінің индексі осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген:

білім беру (01.01-01.05 кодтар);

денсаулық сақтау (02.01-02.03 кодтар);

әлеуметтік қамсыздандыру (03.01 код);

мәдениет және спорт (04.01-04.10 кодтар).

2) демалыс және бос уақыт өткізу объектілері;

Зоологиялық саябақтар мен ботаникалық бақтар:

ӨСЖ болжамын есептеу зоологиялық парктер және ботаникалық бақтар – $Z_{\text{бол өсж}}$ 32-формула бойынша шығарылады:

32-формула

$$Z_{\text{бол өсж}} = \frac{\left(\frac{J + J_{\text{жос}} - K_{\text{бол}} * 15\% - M_{\text{бол}} * 90}{J + J_{\text{жос}} + N_{\text{қалд}}} + \frac{J + J_{\text{жос}} - O_{\text{бол}} * 10\%}{J + J_{\text{жос}}} + (1 - R_{\text{бол}} / 100) \right)}{3} * 100\%, \text{ мұнда:}$$

$Z_{\text{бол өсж}}$ – ӨСЖ зоологиялық парктер мен ботаникалық бақтармен қамтамасыз етілуін болжау;

J – ағымдағы кезеңге арналған объектілердің жалпы саны;

Жос — болжамды кезеңде құрылысқа және іске қосуға жоспарланған жаңа объектілердің саны;

Кбол – болжамды кезеңде қайта құруды қажет ететін объектілер саны;

Мбол – болжамды кезеңде авариялық жағдайдағы объектілердің болжамды саны;

Нқал — болжамды кезеңде объектілерді салу қажеттілігі;

Обол — МТБ жинақтауды талап ететін объектілердің болжамды саны;

Рбол — кадрлардың болжамды тапшылығы.

Ойын-сауық және демалыс саябақтары/ скверлер/бульварлар/тұрғындардың демалуына арналған бақтар:

Тұрғындардың демалуына арналған ойын-сауық және демалыс саябақтары/скверлер/бульварлар/бақтар бойынша ӨСЖ болжамын есептеу ӨСЖ есептеу 33-формулаға сәйкес жүргізіледі:

33-формула

$$FZ_{\text{бол өсж}} = \frac{J + J_{\text{жос}} - K_{\text{бол}} * 15\%}{J + J_{\text{жос}} + N_{\text{қал}}}, \text{ мұнда:}$$

$FZ_{\text{өсж}}$ – тұрғындардың демалуына арналған ойын-сауық және демалыс саябақтарымен/ скверлермен/бульварлармен/бақшалармен ӨСЖ қамтамасыз етілуі;

J – ағымдағы кезеңге арналған объектілердің жалпы саны;

Жос – болжамды кезеңде құрылысқа және іске қосуға жоспарланған жаңа объектілердің саны;

Кбол – болжамды кезеңде күрделі жөндеуді қажет ететін объектілер саны;

Нқал – болжалды жылға мектеп салудың өтелмеген қажеттілігі.

Демалыс және бос уақыт өткізу объектілері бойынша болжамның орташа мәні 34-формула бойынша есептеледі:

34-формула

$$D_{\text{бол өсж}} = \frac{Z_{\text{бол өсж}} + FZ_{\text{бол өсж}} + C_{\text{бол}}}{3}, \text{ мұнда:}$$

$D_{\text{бол өсж}}$ – бос уақыт және демалыс объектілері бойынша ӨСЖ болжамды қамтамасыз етілуі;

$Z_{\text{бол өсж}}$ – зоологиялық парктер мен ботаникалық бақтар объектілері бойынша ӨСЖ болжамды қамтамасыз етілуі;

$FZ_{\text{бол өсж}}$ – ойын-сауық және демалыс саябақтары/ скверлер/бульварлар/тұрғындардың демалуына арналған бақтар объектілері бойынша ӨСЖ болжамды қамтамасыз етілуі;

$C_{\text{бол}}$ – үй жануарларын серуендетуге және үйретуге арналған алаң объектілері бойынша ӨСЖ болжамды қамтамасыз етілуі;

3) көлік инфрақұрылымы;

ӨСЖ қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету болжамы 35-формула бойынша есептеледі

:

35-формула

$$T_{\text{болкөл}} = \frac{\left(\frac{EA + EA_{\text{жос}} - EB_{\text{бол}} * 10\% - EC_{\text{бол}} * 20\% - ED_{\text{бол}} * 50\% - EE_{\text{бол}} * 80\%}{EA + EA_{\text{жос}} + EF_{\text{ост}}} + \frac{EQ + EQ_{\text{жос}} - EG_{\text{бол}} * 10\% - EH_{\text{бол}} * 30\% - EI_{\text{бол}} * 50\% - EJ_{\text{бол}} * 80\%}{EQ + EQ_{\text{жос}} + ER_{\text{ост}}} + \frac{EK + EK_{\text{жос}} - EL_{\text{бол}} * 10\% - EM_{\text{бол}} * 30\% - EN_{\text{бол}} * 50\% - EO_{\text{бол}} * 80\%}{EK + EK_{\text{жос}} + EP_{\text{ост}}} + \frac{ES + ES_{\text{пл}}}{ES + ES_{\text{жос}} + ET_{\text{ост}}} + \frac{EU + EU_{\text{пл}}}{EU + EU_{\text{жос}} + EV_{\text{ост}}} \right) * n$$

100%, мұнда:

$T_{\text{бол өсж}}$ – ӨСЖ қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілуі (06.01.02 коды осы Қағидалардың 13-қосымшасында көрсетілген);

EA – ағымдағы кезеңге арналған автобустардың жалпы саны;

$EA_{\text{жос}}$ - болжамды кезеңде сатып алуға жоспарланған жаңа автобустардың саны;

$EB_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "3 жылдан астам, бірақ 7 жылдан аспайтын" жас санатындағы автобустардың саны;

$EC_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "7 жылдан астам, бірақ 10 жылдан аспайтын" жас санатындағы автобустардың саны;

$ED_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан аспайтын" жас санатындағы автобустардың саны;

$EE_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "20 жылдан астам" жас санатындағы автобустардың саны;

$EF_{\text{ост}}$ – автобустарға деген қажеттілік;

EQ – ағымдағы кезеңге арналған трамвайлардың жалпы саны;

$EQ_{\text{жос}}$ – болжамды кезеңде сатып алуға жоспарланған жаңа трамвайлардың саны;

$EG_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "3 жылдан астам, бірақ 7 жылдан аспайтын" жас санатындағы трамвайлардың саны;

$EH_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "7 жылдан астам, бірақ 10 жылдан аспайтын" жас санатындағы трамвайлардың саны;

$EI_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан аспайтын" жас санатындағы трамвайлардың саны;

$EJ_{\text{бол}}$ – "20 жылдан астам" жас санатындағы трамвайлардың болжамды саны;

$ER_{\text{ост}}$ – трамвайларға деген қажеттілік;

EK – ағымдағы кезеңге арналған троллейбустардың жалпы саны;

$EK_{\text{жос}}$ – болжамды кезеңде сатып алуға жоспарланған жаңа троллейбустардың саны;

$EL_{\text{бол}}$ – болжамды кезеңде "3 жылдан астам, бірақ 7 жылдан аспайтын" жас санатындағы троллейбустардың саны;

ЕМбол – болжамды кезеңде "7 жылдан астам, бірақ 10 жылдан аспайтын" жас санатындағы троллейбустардың саны;

ЕНбол – болжамды кезеңде "10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан аспайтын" жас санатындағы троллейбустардың саны;

ЕОбол – болжамды кезеңде "20 жылдан астам" жас санатындағы троллейбустардың саны;

ЕРост – болжамды кезеңде троллейбустер қажеттілігі;

ES – ағымдағы кезеңге арналған қоғамдық көлік бағыттарының саны;

ESжос - пайдалануға берілуі тиіс жаңа маршруттардың жоспарланған саны;

ЕТост – қоғамдық көлік маршруттарына өтелмеген қажеттілік;

EU – ағымдағы кезеңге арналған қоғамдық көлік аялдама павильондарының саны;

EUжос – қоғамдық көліктің жаңа аялдама павильондарының жоспарланған саны;

EVжос – болжамды кезеңде қоғамдық көлік аялдамаларының қажеттілігі;

n – қамтамасыз етілу деңгейін айқындау мақсатында есептік формулада пайдаланылатын нысан түрлерінің саны.

Қоғамдық көліктің жол ақысын төлеудің электрондық жүйесін ұйымдастыру:

егер елді мекенде қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйелері болса (Тбол eso), онда ӨСЖ қамтамасыз етілуі 100% мәнін алады.

Қоғамдық көлікте жол ақысын төлеудің электрондық жүйелерінің болуы, ӨСЖ қамтамасыз етілуі болмаған жағдайда (Тбол eso), 0% мәнін қабылдайды.

Мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтерін ұйымдастыру:

егер:

мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтері (Titax) ұсынылса және инватакси автомобильдеріне қажеттілік болмаса, онда ӨСЖ (Тбол itax) қамтамасыз етілуі 100% мәнін қабылдайды;

мүгедектігі бар адамдарға арналған инватакси қызметтері (Titax) ұсынылады, бірақ инватакси автомобильдеріне қажеттілік бар, содан кейін ӨСЖ (Тбол itax) қамтамасыз етілуі 75%-ға тең болады;

мүгедектігі бар адамдар үшін инватакси қызметтері жоқ, содан кейін ӨСЖ (Titax) қамтамасыз етілуі 0% мәнін қабылдайды.

Көлік қатынасы станциялары (әуежай, автовокзал, автостанция, теміржол вокзалы, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері):

егер:

егер қуат және техникалық жай-күй (FA) бойынша мемлекеттік стандарттарға сәйкес көліктік қатынастар станциясы болса және күрделі жөндеуге (FB) қажеттілік болмаса, онда көліктік қатынастар станциясының ӨСЖ жүйесімен (Тбол стс) қамтамасыз етілу болжамы 100% мәнге ие болады;

қуат және техникалық жай-күй (FA) бойынша мемлекеттік стандарттарға сәйкес көлік қатынастары станциясы болса, бірақ күрделі жөндеуге (FB) қажеттілік болса, онда көлік қатынастары станциясының ӨСЖ (Тбол стс) жүйесімен қамтамасыз етілу болжамы 75% мәнге ие болады;

көліктік қатынастар станциясы (FA) болмаған жағдайда, онда көліктік қатынастар станциясының ӨСЖ жүйесімен қамтамасыз етілу болжамы 0% мәніне ие болады.

Көлік объектілеріне қызмет көрсету (тұрақ орындары, автомобильге жанармай құю станциясы, газ құю станциясы, техникалық қызмет көрсету және көлік жуу станциясы):

егер елді мекенде көлікке қызмет көрсететін объектілер (тұрақ орындары, автомобильге жанармай құю станциясы, электромобильдерге арналған электр зарядтау станциялары, газ құю станциясы, техникалық қызмет көрсету және автокөлік жуу станциясы) (FZ) болған жағдайда, онда көлікке қызмет көрсететін объектімен ӨСЖ қамтамасыз ету болжамы 100% мәнін қабылдайды. Болмаған жағдайда, көліктің қызмет көрсететін объектілеріне ӨСЖ қамтамасыз етілу болжамы (Тбол оо) 0% мәнін қабылдайды.

Көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз ету болжамы 36-формула бойынша есептеледі:

36-формула

$$T_{\text{бол} \text{ ӨСЖ}} = \begin{cases} \frac{T_{\text{бол} \text{ ӨСЖ}} + T_{\text{бол} \text{ eso}} + T_{\text{бол} \text{ itax}} + T_{\text{бол} \text{ стс}} + T_{\text{бол} \text{ оо}}}{5} & \text{қалалар үшін} \\ \frac{T_{\text{бол} \text{ көл}} + T_{\text{бол} \text{ itax}} + T_{\text{бол} \text{ стс}} + T_{\text{бол} \text{ оо}}}{4} & \text{аудан орталықтары үшін} \\ \frac{T_{\text{бол} \text{ көл}} + T_{\text{бол} \text{ стс}} + T_{\text{бол} \text{ оо}}}{3} & \text{АЕМ үшін} \end{cases}$$

$T_{\text{бол} \text{ ӨСЖ}}$ – объектілермен көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз ету болжамы;

$T_{\text{бол} \text{ көл}}$ – болжамды кезеңде ӨСЖ қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілуі;

$T_{\text{бол} \text{ eso}}$ – қоғамдық көліктің жол ақысын төлеудің электрондық жүйесін болжамды кезеңмен қамтамасыз ету;

$T_{\text{бол} \text{ itax}}$ – болжамды кезеңде мүгедектігі бар адамдар үшін инвентаризация қызметтерімен қамтамасыз ету;

$T_{\text{бол} \text{ стс}}$ – болжамды кезеңде көлік қатынастары станциясының (әуежай, автовокзал, автостанция, теміржол вокзалы және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері) қамтамасыз етілуі;

$T_{\text{бол} \text{ оо}}$ – ӨСЖ көлікке қызмет көрсету объектісімен (тұрақ кеңістігі, автомобильге жанармай құю станциясы, электромобильдерге арналған электр зарядтау станциялары, газ құю станциясы, техникалық қызмет көрсету және көлік жуу станциясы) болжамды кезеңмен қамтамасыз етілуі.

4) жол инфрақұрылымы;

ӨСЖ қалаішілік/кентішілік жолдармен қамтамасыз ету болжамы 37-формула бойынша есептеледі:

37-формула

$$D_{\text{бол өсж}} = - \frac{\left(\frac{GE_{\text{бол}} - (GN_{\text{бол}} \cdot 0,3)}{GE_{\text{бол}} + GG_{\text{бол}}} \right) + \left(\frac{GF_{\text{бол}} - (GFB_{\text{бол}} \cdot 0,3)}{GF_{\text{бол}}} \right)}{2} * 100\%,$$

мұнда:

